

**Ақын Өтежан Нұрғалиевтың  
80 жылдық мерейтойына арналған  
библиографиялық көрсеткіш**

**Ақтөбе  
2018ж**

Ақын Өтежан Нұрғалиевтың 80 жылдық мерейтойына арналған библиографиялық көрсеткіш / Құраст. Анықтама – библиография бөлімінің меңгерушісі Таубатырова Д.А., библиограф Шаншарова Г.И. – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы. – 2018. – 18 бет.

Анықтама – библиографиялық бөлімі көрнекті ақын, «Құрмет» орденінің иегері Өтежан Нұрғалиевтің 80 жылдық мерейтойына орай библиографиялық көрсеткішін жасап шығарды. Көрсеткіште ақынның өмірі, шығармашылығы енгізілді.

Көрсеткіштегі материалдар хроникалық тәртіппен орналасқан. Осы көрсеткіш ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, магистранттар мен студенттерге арналған.



Басылымға жауапты:  
кітапхана директоры  
Мазылбекова И.У.

Құрастырған:  
анықтама-библиография  
бөлімінің меңгерушісі  
Таубатырова Д.А.

***Өтежан Нұрғалиев***

*/1938 – 2011/*

**Өтежан Нұрғалиев** 1938 жылы 15 тамызда Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылында туған. Көрнекті қазақ ақыны. 1964 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген соң Жарқамыс орта мектебінде мұғалім болып істеді. Кейін «Жалын» баспасында, Қазақ телевизиясында қызмет атқарды.

Өтежан Нұрғалиев университетте оқып жүрген кезден-ақ жыр сүйер қауымға танымал ақын болып қалыптаса бастады. Оның газет журнал беттерінде жарияланған қызуы мол, қуатты, батыл ойларға толы өлеңдері оқырман назарын еріксіз аударып, баурап әкетті. Соғыс кезіндегі ауыл тұрмысы, әлеуметтік қарама-қайшылықтар, жалпы өмір жайындағы ой-толғаныстар, мәңгілік махаббат – осының бәрі Өтежан поэзиясында жыр жолдарымен кестеленеді, ақынның өлең топтамалары жұртшылықтың іздеп жүріп оқитын кітаптарына айналды.

Өтежан Нұрғалиевтың «Менің махаббатым» деп аталатын алғашқы жинағына ақиық ақын Әбділда Тәжібаев «Әдебиетімізге қазақтың Пушкині келді!» деп ұнамды баға беріп, кітап авторына шығармашылық сәт сапар тіледі. Өтежанның шығармаларында ауыл адамдарының, Жем өңірі тұрғындарының бастан кешірген кейбір оқиғалары суреттеліп, өтіп кеткен заман суреттері көз алдына қайта келеді. Өтежан Нұрғалиев поэзиясы өзінің даралығымен, соны құбылыстарға толы жаңашылдығымен, батылдығымен ерекшеленіп, қазақ әдебиетінде өзіндік орын алады.

Ө.Нұрғалиев ел алдындағы осындай елеулі еңбегі үшін «Құрмет» орденімен марапатталды.

1998 жылы ақынға Байғанин ауданының Құрметті азаматы атағы берілді.


Алпысыншы жылдардың басында тұңғыш жарық көрген «Менің махаббатым» жинағынан бастап оның қаламынан шыққан «Ақ нөсер» (1968), «Нөсерден кейін» (1969), «Кемпірқосақ» (1970), «Кәмелет» (1971), «Ай астындағы ақбоз үй» (1972), «Қайыңды тоғай»

(1973), тағы басқа жыр кітаптары, ал соғыс жылдарының тірі, көркем шежіресіндей «Соғыстың соңғы жазы» (1-IV кітаптар, 1977, 1978, 1980, 1984 ж.) балладалары, «Тыныштық» (1987), «Афина мектебі» (1996), «Өлеңдер» (2003), әдебиетіміздің алтын қорына қосылған құнды туындылары екені сөзсіз. Оның шығармалары халқымыздың рухани қазынасын байыта түсті.

Сонымен қатар ізденімпаз ақын аударма саласында да жемісті еңбек етті. Пушкин, Есенин, Блок, Давид Кутультинов, Исикава Такубоку секілді әйгілі ақындардың шығармаларын ана тілімізге аударып бастырды.

### *Ақын әлемінің құпия сырлары*

(Ақын Өтежан Нұрғалиевтің жарық көрген «Соғыстың соңғы жазы» және «Көне соқпақтар, соны сұхбаттар» кітаптары)



Алаштың аяулы ақыны Өтежан Нұрғалиевтің оқырманын да, өзін де күзгі жапырақтай сарғайтып, санасын сансыратқан «Соғыстың соңғы жазы» және «Көне соқпақтар, соны сұхбаттар» атты қомақты қос томдығы жарыққа шықты.

Өтежан Нұрғалиевтың алғашқы өлеңі «Қазақстан пионері» газетінде жарияланып, студент шағында «Менің махаббатым» атты тырнақалды туындысын шығарып үлгерген тарлан талант!

Көзі тірі кезінде 30-ға жуық жыр жинағын оқырман назарына ұсынып, өмірінің соңына дейін өлеңмен тыныстап өтті. «Көне соқпақтар, соны сұхбаттар» кітабының «Ақын хақында» деп аталатын айдармен берілген сан алуан авторлардың сын мақалалары, естеліктері мен ой-толғамдары 1962 жылдан бастап 2007 жылдарға дейінгі аралықты қамтиды. Кітап беттері ақын әлемін тану, шығармашылығын мойындау немесе оның өзгеше бітім-болмысын, тосын мінез, татаусыз шындығын қабылдай алмау сынды ой-пікірлерге толы. Ішкі әлемі аса бай, интеллекті терең, ой самғауы қиялдағыны шалып, шыңыраудағы шындықты құлағынан тартып сүйреп алып шығатын айбынды ақынның айшықты туындылары, ағынан жарылған сұхбаттармен қатар, оның оғаштау көрінетін тарпаң мінезі, бетің бар, жүзің бар демей, тіліп айтып тастайтын турашылдығы, кейде қыңыр сөйлеп, қиқарлық танытатын «қиын адам» туралы естеліктер ешкімді енжар қалдыра алмас.

Кітапта келтірілген еңбектерінің ішінен, С.Әшімбаевтың «Сол жылдардың соқпағы», «Өлең сөздің өнегесі», «Өтежанның балладалары», Қ.Мырзалиевтің «Жарала жылдар мен шежіре жылдар», Т.Жұртбаевтың «Соғыстың соңғы жазы», С.Оспановтың «Ақиқат әлемі» деп аталатын әдеби сын мақалалары ақын Ө.Нұрғалиевтің өлең жырлары мен поэмаларының поэтикалық қуатын, философиялық ой-өрісінің айшықты тұстарын дәл тауып, дөп басады.

Жинақта белгілі журналист М.Әжібекұлының, Т.Айтбайұлының, тілі тас жаратын талантты жазушы М.Қабанбайдың, Өтебаймен сапарлас болған тұстағы «шытырман оқиғаны» өзек еткен жазушы Қ.Тоқмұрзиннің, журналист Ж.Әшімжанның ақынның авторлық кешінен жүргізген репортажы және Ә.Қодардың сарымайдан қыл суырып, сарымсақтан шырын тартқандай етіп ақын шығармашылығының жанды портретін ұсынуы үлкен әсер қалдырады.

Еленбеген асулар естелігімен елең еткізген Ә.Қодардың ой-толғамдары көкейге қона кетеді. Бұл еңбек ақын шығармашылығын зерттеу, зерделеуге құрылған.

Аталмыш кітапта ақын Ә.Нұрғалиевтің әр жылдардағы толғаныстарының да ойлы оқырманға берері көп. Өз кезінде Ежелгі дүние данышпандарының асыл мұраларын бүгінгі балғын ұрпаққа жеткізіп, көгілдір экран алдында айтқан танымдық-тағылымдық толғамдарының орны бөлек. Сократ, Эпикур, Аристотель, Платон, Бэкон, Фирдоуси сынды ғұлама-данышпандардың өлмес идеяларын, философиялық, әдеби еңбектерінің мағынасын қазақ балаларына жатық тілмен әңгімелеуі өнеге аларлық еңбек.

Өтежан Нұрғалиевтің баласы – Саят Өтежанұлы Нұрғалиев те дарынды ақын болған. Тағдыр жазуына не шара, әскери борышын өтеп келіп, ҚазПИ-дің филология факультетінде оқып жүргенде 22 жасында қыршынынан қиылып кете барған. Жан дегенде жалғыз ұлының қайғылы қазасы ақын жүрегіне салмақ түсірді.

Орысша жазатын Саяттың бір топ өлеңдері мен сонеттерін Тәкен Әлімқұлов аударған.

Жаралы жаным жылайды,  
Біресе үнсіз өкіред.  
Көзінен төгіп ылайды,  
Барады семіп көкірек.  
Қайратым қайтып бұрынғы,  
Жарға ұрып жатқан тасқын жоқ.  
Түсімді көріп өнімде,  
Жыладым ұзақ еңкілдеп.  
Тұрмыстың көрген әлегін,  
Қайғысын ұққан байғұстың.  
Бұлбұл боп туған жан едім,  
Мен енді үнсіз жай құспын...

Осы өлеңнен құсалы жастың қандай күйге түскені аңғарылады. Артында «құлынымдап» қалған әкенің көңілі де, көкірегі де шерлі еді.

Өтежан Нұрғалиевтің «Соғыстың соңғы жазы» кітабында соғыстың сұрапыл жылдарындағы шалғайда жатқан шағын ауылдың

тауқыметі, тыныс-тіршілігі, сол күндердің куәгері жетім қалған б жасар бозөкпе баланың, кейіннен ересек тарта бастаған бозбаланың көзімен беріледі. Сюжеті шымыр, бір-бірімен ұштасып отыратын әсерлі оқиғалар тізбегі ортақ желіге құрылған. Әрбір өлең-баллада астарынан бір кездегі балғын шағы соғыс өртінің жалынына шарпылған, жетімдікке мойынсұнған, қилы кезеңге тап болып, қазіргі хал-ахуалы да бүгінгі билік тізгінін ұстаған шен-шекпенділердің «қамқорлығына» тәуелді, жер тағдырын, ел тағдырын ойлаумен түн ұйқысы төрт бөлінетін, егде тартса да, елгезектік танытатын ақынның ішкі толқу тебіреністері, толғам-түйіндері айқын сезіліп отырады.

Мұқағалидай поэзия майталманы, Қасымдай қайсарлары, Бауыржан, Қасым, Сағадат, Тоқтар, Талғат сынды жүрек жұтқан батырлары, Өтежандай өзегін жарып өлең өрген ақындары бар ертеңі нұрлы егемен елміз.

Қазақ поэзиясына тың тыныс, өзгеше өріс әкелген Ө.Нұрғалиев те ақын деген атына заты лайық, алған бағытынан тайқуды білмеген, әдебиет сынды мәңгілік майданның жанкешті саңлақ сарбаздарының бірі. Өжет мінезді Өтежан қара басының қамынан гөрі, халқының қайғы-мұңына көбірек алаң болды. Ақын ретінде жазып бітірген жырлары жарық көрмей, жылдар бойы темір сандығында жатып қалғанына жаны күйзелетін тұрлаусыз тағдырлы тұлға еді. Ақыры іштегі отты толқындары сыртқа тепкен жарылмаған жанартауға айналған күйінде бұл фәниден баз кешті.

Артында қалған ұрпақтарының арқасында бейне бір айсбергтей асыл мұрасы оқырманының рухани азығына айналары хақ.

Ө.Нұрғалиевтің толықтырылып, тұтастай жарық көрген «Соғыстың соңғы жазы» кітабымен қайта қауышқанда байқалған бір ерекшелік - кез-келген өлең-балладасы бірден баурап әкетеді.

Шындық бірақ обалыңа қарамас,  
Обал ғой деп жалған айту жарамас.  
Алдыменен Шындық бұрын өледі,  
Өтірікпен қона қалса аралас.

Ақынның тапқырлығы оқиғалы өлеңге кірісер алдында хикая не жайында екенін екі жолмен жетелеп отырады:

Адамзаттың ғұмыры-өлең, ғұмыры-ән,  
Оралмайды өткен күндер-зымыран.  
Сөйлетеді отыз жеті жыл бұрын,  
Таңдайымда қалып қойған қымыран...

Ө.Нұрғалиев өмір көріністеріне өлең көзімен үңілген сәттерде бұларды бейне бір рентген аппараты көмегімен көз алдына әкелгендей жан-жүрегіне жақындата түседі:

Мен-ақымақ, қоян менен ақымақ,  
Екі арамызда қол созымнан жақын-ақ.  
Көзін көріп қалғандаймын байғұстың,  
Шығып кеткен ұясынан шатынап...

Батқан күннің қанға батқан тарағы,  
Бұлттың қалың түбіт шашын тарады.  
«Итке бермей, ойбай!»-деген Көшердің  
Құлағымды даусы жарып барады.

Бұл тұста өз достарымен бірге ит қосып, қоян құған баланың кеудесінде жаны бар мақұлыққа деген аяныш сезімінің оянуы суреттеледі. Ал, «Қалқа туралы аңызда» сол тұстағы түкірігі жерге түспес томырық-топас Тәжібайдың үй төбесінде тұрған жесір келіншек Қалқа сұлуға жұрт алдында мылтық кезеп қорқытпақ болған сәттердің әсерін әдеби тәсіл арқылы күшейте түседі:

Қоян іздеп құлақ түрген тазыдай,  
Қан іздеген қансонарда қажымай,  
Қолда мылтық, қара мұртын ширатып,  
Қарап қапты аң көргендей... Тәжібай...

Сұңғыла сөз шеберінің дәлме-дәл деталь-штрихтары, терең ойлы тылсым сырлары, тіпті шабыт буына елтіп сүйкей салдысының өзі мәтелге айналып кетуге хақы бар қанатты тіркестердей тәнті ететіні, өлеңге өзгеше реңк-бояу беретін әдеби әдіс-тәсілдері қайран қалдыратыны» рас. Оның қазақ поэзиясына кең тыныс, жана өріс әкелген шығармалары келешекте де әдебиетімізден өзінің лайықты бағасын, орнын алатыны, кейінгі ұрпақты тәрбиелеуге, поэзияға, халқымызға қызмет ете беретіні күмәнсіз.

Арқалы ақынның телегей теңіздей жырларының ішінен уыстап алып шыққан інжу-маржанға көз қырын салайық:



«Біреулердің жерді жарған атағы, біреулердің ұсақ-түйек шатағы, құйттай бала жүрегінің ішінде-бота қуып кетіп бара жатады»; «Өртін оның үлгергем жоқ өшіріп, дертін оның үлгергем жоқ кешіріп, сол соғыстың жазған барлық жазуы-шықты менің боз өкпемнен тесіліп...»; «Тағдыр қатал, өмір кейде қатал-ақ, шөлдейді адам Аянышқа қаталап, күшті екен ғой бір кеудеде тұтасса, Адамдағы Аяныш пен Махаббат!»; «Таң атқанша бұл нөсер қаптал ашқан, тұрар сірә ешқайда аттамастан, ертең бірақ көрінер аппақ аспан, түндегіні есіне сақтамастан»; «Қызып аздап алақаным... Сірә, бүгін салқын-ау күн... Шайқап жатыр балапанын-ұясында Алтын Ауылым»; «Біреу өтер бұл дүниеден сүрінбей, мысық құсап жүргені де білінбей..»; «Бұл табиғат бір қызық жұмбақ екен, көз ұйқыға кеткенше... тыңдап өтем, жұмыртқадай қабығы жұқа дүние-қалай ғана миымда сынбақ екен?...»; «Өмір менің кіршігі жоқ ғашығым, бір сыры жоқ бүгіп қалған жасырын...»

Жыр жауһарлары сан қырынан құбылып, көкіректе көркем суреттер ұялатып, көңілді баурап, жүректі жаулайды. От ауызды, оркиік тағдырлы, оқталған мылтық сынды ақынға:

- Не себепті егіліп-төгіліп жыр жазасыз?-деп сауал қойса, былайша жауап берер еді:

Адал берген антым үшін жазам мен,  
Аялаған Халқым үшін жазам мен.  
Мәңгі бірге қайнасын деп өмірім-  
Халық дейтін қасиетті қазанмен!

Ертеректе қолданып келген эпистолярлық жанрлар айналымнан шығып, жаңа технологиялар мен нанотехнологиялар заманында, кең көсіліп, кесек турайтын Өтежан Нұрғалиев артына атан тарта алмас асыл қазына қалдырып кетті. Бұл-жарты мың бетке жуық «Соғыстың соңғы жазы» атты ерен еңбегі. Әсіресе, оның әр жылдарда өмірдің өзінен ойып алып, шындықты шыңғырта жазған балладаларының, жауһар жырларының орны бөлек.



## *Өтежан Нұрғалиев зайыбы Күләшпен*

Жарасымды жұптың жастық шағынан жалт еткен көрініс. Күләш апай Өтежан ағадан бір жыл бұрын өмірден өтті. Бұл жайында Құлбек Ергөбек: «Қазақтың ешкімге ұқсамас

қыңыр-қисық ұлы ақыны Өтежан Нұрғалиевтің жары Күләш жеңгейдің бақилық болғанын газеттен оқып білдім. Ерекше сыйлайтын кісім еді марқұм. Үлкен парасат иесі болатын... «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет етіп жүргенімде «Жазушы – жар көзімен» деген айдармен Өтекеңнің жары Күләш жеңгейді сөйлеткенім бар. Жатқан жерің жайлы болғыр Күләш жеңгей Өтекеңнен әрі өткен ақын болатын. Қара сөзінің өзі күйіп тұрған температура Өтекеңді пір тұтады. Өтекеңді уақыт, заманадан баяғыда озып кеткен ақын деп есептейді деп жазады. Күләш азаматын қалай ардақтаса, ақын жаны да аяулысын ажалға қиғысы келмей аһ ұрады. Күләш жеңгей бақилық болғанда, Өтекеңнің: «Күләштің өлгені рас болса, Құдайым Өтежанды неге алмайды» деп егілгені елдің аузында әлі жүр.

Өтекеңді өзге ерекшелеп тұратын бөлектеу табиғаты, бітім-болмысы ғана емес, қала берді ақындығы да ғана емес, киінудегі «күрделілеу» стилі еді. Ерекше сәнмен киінетін оған жұрттың жанары еріксіз ауатын. Басына қара қалпағын қисайта киіп, қызыл туфли киген аяғын сәнмен басып, алқызыл пиджагы анадайдан көзге ұрып келе жататын оған қызығы да қызғана қарайтындар да көп болған деседі. Тіпті оның киіну стилінің ерекшелігі сондай, қаламгерлер жинала қалған үйге кіріп келе жатып, көзіңіз көп аяқ киімнің ішінде ерекше түстегі әрі жылтырап көздің жауын алардай болған жасыл, қызыл, тіпті жалғыз көк туфлиге түссе ол үйде Өтекең отыр деп болжай беріңіз. Иә, басқаға ұқсамайтын бөлекше болмысты ақын сыртынан қарағанда да Ерназардың Ертөстігіндей ерекше-тұғын.

## *Өтежан Нұрғалиев туралы ой*



*Әбіш КЕКІЛБАЕВ*

### **Өте қадірлі Өтежан бауырым!**

Жауыр даланың жалба тоқымындай жазықта туыпсыз. Келеусіз кезеңнің кенеусіз күндерін бастан кешіпсіз. Лай түбінен лағыл тізгендей өкініштен өжеттік, қасіреттен қасиет өрбітіп, қазақ жырының қасан тартқан бір шағында жанартау болып атылдыңыз.

Сіздің дүмпіліңізге дүсір қоспаған түкпір қалмады. Хан Тәңірінің сеңгірі мен Қошалақтың шағылына дейін құмсайдан құйындата шыққан құлагермен жарысатын сәйгүліктер түлетіп, Абай мен Мағжаннан кейін аруағынан айырылған әдебиетіміздің қайтадан арқасы қозып, иығына жал біте бастады.

Содан бері, Құдайға шүкір, Қазақ жырының додасы дулы. Сол жойқын доданың шетіне шығып қалмай, қақ ортасында қасқиып өзіңіз жүрсіз. Көкбөрінің шулан құйрығы емес, күдірейген жалы өз тақымыңызда. Ерекше күйініп, ерекше сүйініп, ерекше түңілетін Өтежан Нұрғалиев әлі сол өте жұмбақ қалпында. Азу тигізбестей асау. Тіл тигізбестей тылсым. Оның тұңғиығына бойлаймын деп әлі талай ұрпақтың қары талады.



*Ертай Ашықбаев*

«Жиырма жасқа жетер-жетпесте поэзия көгінде жарқырап көрініп, сол биігінде отырып шашасына шаң шалдырмаған қазақ ақыны біреу ғана-Өтежан Нұрғалиев. Өкінішке қарай, біздің

көптеген ақындарымыз әдебиет ордасына енген кезеңде жазған шын мәнісіндегі жауһар жырларын бертін келе құбатөбел шумақтарға айналдырып, оқырманын әбден азайтып алды. Ал Өтежан ақынның оқырманы күн сайын көбейіп жатқанына дәлел жеткілікті».

«Соғыстың соңғы жазындағы» балладаларды Ұлы Отан соғысы жылдарының шындығын әсерлі жеткізе білген туындылар деп жоғары бағалай келіп: «...баллададағы көркемдік идея бірін-бірі табиғи толықтырып, бірі екіншісінің мазмұнын тереңдетіп, әрі ақынның айтпағын айқара аша түседі. Оқиғалар, характерлер, детальдар сырттай бөлек-бөлек болып, өзара ұқсамағанымен, ақындық айтылар ойдың ортақтығы оларды іштей концепциялық тұрғыдан байланыстырып, негізгі идеяға тұтастық сипат береді. Сондықтан, кітапты соңына дейін оқып шыққанда сол кездегі тұтас бір өмірдің, бүкіл бір дәуірдің, қиын да қытымыр уақыттың әлеуметтік шындыққа толы суреттері санаңызда сайрап тұрып алады», – дейді сыншы **С.Әшімбаев**. С. Әшімбаев олардың ортақ поэтикалық лейтмотиві - соғыстың бір шағын шаңыраққа, бір аядай ауылға тигізген залалды зардабы мен сойқанды салдары екенін атап көрсетеді. Автор өнердің өмірлік негіздері, қазақ топырағындағы жыр жолдарына ықылас, құрметтің алабөтен болуының тарихи себептері, шынайы поэзияға қойылатын алғы шарттар: бейнелі ой, тілдегі образдылық жөнінде Ө.Нұрғалиевтің шығармашылығына сүйене отырып толғамды пікірлерін білдіреді.



*Мұқағали Мақатаев*

...Өтежанның бүкіл табиғаты – жүрген жүріс, мінез-құлық, қимыл-қарекет — бүкіл болмысы тек поэзия үшін жаралған. Ақын қандай болады десе, ақын мынадай болады деп, Өтежанды көрсетуге тұрарлық. Біреулерге

қиынның қиыны, ауырдың ауыры соғып жүрген жыр өнері Өтежанға мүлде жеңіл сияқты. Оның жазу тәсілі, алған тақырыбын қиналмай, еркін жырлауы, бірінен кейін бірі толқындап лықсып төгіліп жататын оның өлең шумақтары осы ойымыздың дәлелі.

Өтежан – ешқандай да қоспа-қоқысы жоқ табиғи талант.



*Сәбит Досанов*

### **Өзі өлгенмен, өлеңі өлмейді**


Өтежан Нұрғалиев қазақтың өте сирек қайталанатын, талантты ақындарының бірі еді. Мен онымен университетте бірге оқыдым. Сөйтіп, Өтекеңнің жасы үлкенірек болса да, курстас құрбыластарының қатарында жүрдім. Талай рет жолсапарларға бірге шықтық. Қостанай облысында, одан Ақтөбенің Байғанин ауданында болатынбыз.

Әдебиетке әркім әртүрлі келеді ғой, біреу жайлап, біртіндеп келеді, біреу бет қаратпай екпіндеп келеді. Ал, Өтежан әдебиетке бірден қалыптасқан ақын болып келді. Ұмытпасам, алғашқы кітабына айтулы ақын Қуандық Шаңғытбаев алғысөз жазып, бата берді. Содан кейін бұл ақын әр жинақ сайын қарыштап өсумен болды. Оның «Соғыстың соңғы жазы» деген цикл өлеңдері өте бір өміршеңдігімен, өмір көріністерін берудегі шынайылығымен, поэтикалық орындау шеберлігімен құбылыс болды десем, қате айтпаспын. Бұл туралы Сағат Әшімбаев кезінде жақсы мақала жазғаны есімде.

Өтекеңнің өзі мінезі кейде шәлкем-шалыстау, асаулау ақын болатын. Осы жағдайын мен түсінуші едім, өзі артықтау кетіп бара жатса, айтқанымды тыңдаушы еді. Бірімізді біріміз қатты сыйлайтынбыз. Маған арнап бір емес, бірнеше өлең де жазды. Күләш жеңгей екеуі қос аққудай жарасып, жұбын жазбай бірге жүргенде қызығатынбыз. Әйелі қайтыс болғаннан кейін Өтекең қатты жүдеп,

қамығып, күйреп қалды. Күләштің қазасына көңіл айта барғанда: «Маған үй беріп, жағдайымды жасаған Иманғали Тасмағамбетов, ал мінезімді түсінген сенсің, Сәбит», деп айтқаны бар еді арқалы ақынның.

Өтежандай үлкен ақынның өзі өлгенмен, өлеңі өлмейді. Ол қазақ әдебиетінен ойып тұрып орнын алған айтулы ақын. Қош бол, досым! Жатқан жерің жайлы болсын!



### *Сағат Әшімбаев*

...Ақын Ө. Нұрғалиев қазақ поэзиясында шет қақпай көріп, қаға берісте, көзден таса қалыңқырап жүрген баллада жанрын көркемдік жаңа биікке көтеріп отыр. Сондай-ақ, баллада жанры Өтежанның ақындық зор мүмкіндігінің қайнар көзін ашқан сияқты. Екіншіден, Өтежанның әр балладасында сол уақыттың рухын танытатын бізге таныс және бейтаныс адам образдары жасалып, солардың характерлік өзгешелігі, психологиялық ұтымды детальдар арқылы, нанымды ашылады. Көз алдымызға соғыс жылдарындағы жадау өмір, жадағай тіршілік, қиын-қыстау күндер, аш-жалаңаш бала-шаға, таңның атысынан күннің батысына дейін еңбек етіп жүрген аяулы аналар, қамкөңіл қыз-келіншектер, жесір жеңгелер, майданнан жаралы болып қайтқандар мен кембағал жандар елестейді десек, ешқандай да артықтығы жоқ. Жалпы, бұл тақырыпта, соғыс тақырыбында жазылған Өтежан өлеңдерінде соғыс жылдарындағы қай ауылға, қай семьяға болмасын, ортақ шындық — әлеуметтік жағдай, типтік ситуациялар, яғни сол тұстағы адамдар басындағы қуаныш пен қайғы, қайрат пен қажыр, күдік пен күмән, сенім мен сезім, жақсылық пен жамандық өлең жолдары арқылы табиғи өріліп беріледі. Автор осы жайларды суреттегенде, оның өлеңдеріндегі қоңыр әуеннен ешқандай пессимистік мұңның исі сезілмейді, керісінше, оптимистік

рухтағы драмалық-психологиялық юморға толы суреттер, детальдар, эпизодтар, көріністер мол ұшырасады.




### *Сәкен Иманасов*

«Аумалы - төкпелі дүниеде әр кезең, әрбір дәуірдің өз келбетіне ғана лайық көркем сөзі, сол тұсқа құт боп дарыған құнарлы поэзиясы болады. Бұл ретте өткен ғасырдың екінші жартысы қазақ өлеңі үшін мейлінше құт- берекелі, нағыз ғана ақтүйенің қарны ақтарылып берген жылдар болып еді десек, түк те қателеспейміз. Сол жылдары бірінің өкшесін бірі баса, қатарласа, қапталдаса келіп, «бес жас - бел құрдас» дерлік бір топ сайдың тасындай талантты ақындар Алматыда тоғысып жатты. Бірімен бірі жарысқандай, ауыздығын шайнаған асаудың басымен алысқандай болып әдеби ортаға жан бітіре келген бұл топтың ел көңілін елең еткізбеуі тіпті де мүмкін емес еді. Тоқаш Бердияров, Төлеужан Исмайлов, Ғафу Қайырбеков, Ізтай Мәмбетов, Қабдікәрім Ыдырысов, Еркеш Ибраһим, Әнуарбек Дүйсенбиев, Шәміл Мұхаметжанов, Мұқағали Мақатаев, Сағи Жиенбаев, Оспанхан Әубәкіров, Жүмекен Нәжімеденов, Құдаш Мұқашев, Әділбек Абайділданов, оларға ілесе Бекен Әбдіразақов, Қосжан Мүсірепов, Жүсіп Қыдыров, Төлеген Айбергенов, Меңдекеш Сатыбалдиев, Сабырхан Асанов, көзі тірілерден Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, осы бір тұста біз де бар болсақ керек, Еркін Ібітанов, Қастек Баянбаев, Өтежан Нұрғалиев, Фариза Оңғарсынова, Марфуға Айтхожина болып, қазақ поэзиясының зенгір көгіне бір шоғыр жұлдыздай жапырласа барып орналасқан болатын, сол орындарында мәңгі тұрақтап қала да берді.

Бұлар жай келген жоқ, өлең өлкесінің іргесін биіктете, керегесін кеңейте, ауқым- өрісін ұлғайта өсіріп, бұрын- соңды болып

көрмеген тың серпін, тегеурінді екпінмен айналаны сәнге бөлеп, сәулеге орап, жарқырыта келген еді.»



### *Құрал Тоқмұрзин*

#### **Қазақтың қара нарындай боздап өткен абзал дос еді**

Әй, Өтежан досым, сен де өттің бе, жалғанның жарығынан! Көктемдегі қар суымен қарқын алған даланың ұлы өзені Жемнің ағысындай өлең өлкесіне желе жортып қосылғаның күні кеше еді-ау! Әдебиет атты мәңгі жасыл бақтың сазды үні бар санаулы сандуғашының бірегейі болғаның да ел есінде. Енді міне, арнасын бірнеше жерден буған Жем өзеніне ұқсап, тасуыңнан жаңылып, Жаратқанның аманатын өзіңе қарай бағыштап, бізге Жем, Сағыз бойының құтты жерлері мен елеулі ерлеріне сүйсіністен туған өлмес өлеңдеріңді ғана қалдырдың.

Асанқайғы бабаң жырлаған, Махамбет пен Мұрат, Шернияз бабаларың басқан Жем, Сағыз елін екеуміз талай аралап, тарихи аңыздарының шәрбатын шабыттана сіміріп едік-ау! Енді сол далаң, Исатай мен Есет бабаларың отаршылдардың отты тасқынынан қорғаған қасиетті далаң сенің елге еркелей, тұрғыластарыңа ентелей барғаныңды көрмейтін болғаны қандай өкініш десеңші. Ертелеу кеткенің – өнерсүйер қауымның ырыздық, несібесін ортайтқаның. Бірақ, Алла ісіне амал не? Өнбейтінді өндірген, көнбейтінді көндірген Жаратқан Иемнің алдында иманың кәміл, топырағың торқа болсын, қазақтың қара нарындай боздап өткен абзал досым!..

#### ***Әдебиеттер тізімі:***

1. Нұрғалиев Ө. Ақ нөсер: Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1968. - 64 бет.
2. Нұрғалиев Ө. Кемпіркосақ: Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1971. - 88 бет.
3. Нұрғалиев Ө. Кәмелет: Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1972.- 55 бет.
4. Нұрғалиев Ө. Ай астында ақбоз үй: Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1973.- 64 бет.



5. Нұрғалиев Ө. Қайыңды тоғай: Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1976.- 84 бет.
6. Нұрғалиев Ө. Таңдамалы: Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1977.- 236 бет.
7. Нұрғалиев Ө. Шұғылалы көктем: Өлеңдер, балладалар. - Алматы: Жазушы, 1979. - 128 бет
8. Нұрғалиев Ө. Соғыстың соңғы жазы: Өлеңдер. 2-кітап. - Алматы: Жалын, 1980.- 136 бет
9. Нұрғалиев Ө. Соғыстың соңғы жазы: Өлеңдер. 3-кітап. - Алматы: Жалын, 1984.- 168 бет.
10. Нұрғалиев Ө. Тыныштық: Өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1987.- 96 бет.
11. Нұрғалиев Ө. Соғыстың соңғы жазы. – Алматы: Мектеп, 1989. - 277 бет.
12. Қазақстан жазушылары: XX ғасыр: Анықтамалық. - Алматы: Ана тілі, 2004. – 296 бет.
13. Нұрғалиев Ө. Афина мектебі: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1996. – 360 бет.
14. Ақтөбе: Энциклопедия. – Ақтөбе: Отандастар - Полиграфия ЖШС, 2001. – 586 бет.
15. Байғанин ауданына 75 жыл /Аудан өңірінің шежіресі/ - Ақтөбе, 2003. – 398 бет.
16. Нұрғали Ө. Өлеңдер. – Астана: «Фолиант», 2003. – 200 бет
17. Жәдігер: Ақтөбе өңірінің әдеби антологиясы: Өтежан Нұрғалиев. – Ақтөбе: 2006.- 126 - 132 бет.
18. Нұрғалиев Ө. Афина мектебі: 1-том. – Алматы: Жазушы, 2015. – 352 бет.
19. Нұрғалиев Ө. Соғыстың соңғы жазы: 2-том. – Алматы: Жазушы, 2015. – 288 бет.
20. Нұрғалиев Ө. Соны сұхбаттар: 3-том. – Алматы: Жазушы, 2015. – 288 бет.
21. Тоқмырзин Қ. Өзекті өртер Өтежан // Егемен Қазақстан, 2013. – 15 тамыз.
22. Ашықбаев Е. «Таңғалтып келген, тамсанып өткен...» // Ақтөбе, 2013. – 15 тамыз.
23. Нұрғалиев Ө. Өлеңдер // Ақтөбе, 2013. – 15 тамыз.
24. Ашықбаев Е. Өтежан кешкен өрттің бояуы // Қазақ әдебиеті, 2014. – 7-13 ақпан
25. Обаева Г.С. Ө. Нұрғалиев поэзиясының көркемдік әлемі
26. Мұқаш Қ. Өтежан Нұрғалиев: «Халықтан қол үзіп қалдым» // Қала мен дала, 2017. – 6 қазан
27. Әділханұлы М. Өтежан ақынның батасы // Ақтөбе, 2018. – 7 маусым.
28. Тоқмырзин Қ. Өзекті өртер Өтежан // Ақтөбе, 2018. – 12 шілде.
29. Қошым-ноғай Б. Өрмінезді Өтағаң // Айқын, 2018. – 21 шілде.
30. Ергөбек Қ. Ғарышта ғұмыр кешкендей еді сол ақын... // Ақтөбе, 2018. – 9 тамыз
31. Өтеміс И. Ақынның алғашқы сыншысы // Ақтөбе, 2018. – 16 тамыз.
32. Ырысбай Ж. Ертай Ашықбаев: Өзгерген қолтаңбаның өтемі // Ақтөбе, 2018. – 16 тамыз.
33. Дияров Н. «Барсаң, сәлем айта бар Байғанинге» // Ақтөбе, 2018. – 16 тамыз

34.Дәрібай С. «№2 ақын болмайды» // Ақтөбе, 2018. – 16 тамыз